

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жанадилова Қарашаш
Базарқызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін
дамыту» тақырыбындағы диссертациясына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа</p>	<p>XXI ғасырда барлық дағдылардың құрамдас бөлігі болып табылатын метақұзыреттілікке білім алушылардың бейімделуі және өзін-өзі реттеуі заман талабынан туындап отыр.</p> <p>Еліміздегі білім беру саласын дамытуға арналған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Білім берудің барлық деңгейлерінде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтыруларында, Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (жоғары кәсіби білім беру) болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін дамыту, білім мазмұнын жетілдіру мәселелері басты міндет болып саналады.</p> <p>Осыған орай Қ.Б. Жанадилованың диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтары бойынша ғылыми және инновациялық қызметтің басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша</p>

		<p>мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) <u>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған.</u></p>	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің дамуына, әсіресе болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлаудың күшейтілуін және білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы арқылы үлесін қосады және зерттеу жұмысының маңыздылығы ашылған; - зерттеу мәселесіне байланысты ғылыми еңбектер мен іргелі зерттеулерді зерделей келе, «метақұзыреттілік» ұғымы, «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» түсінігінің нақтылануы арқылы елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған; - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау арқылы үлесін қосады және маңыздылығы ашылған; - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемелік жүйесінің жасалуы арқылы үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Докторант Қ.Б.Жанадилованың зерттеу жұмысы дербес орындалған, өзекті, толық және аяқталған диссертациялық жұмыс болып табылады. Автор диссертациялық жұмысында ғылыми мәліметтерді тереңірек беруді көздеген. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі</p>

			жазу деңгейі жоғары, барлық талданған ақпараттар түсінікті әрі мағыналы және құрылымды сақтай білген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Проблеманың өзектілігін талдау жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды жүзеге асырудағы қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында, оның теориялық және практикалық негізделуі арасындағы; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуға деген қоғамдық сұраныс пен бұл мәселенің практикада жүзеге асырылмауы арасындағы; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың қажеттілігі мен олардың теориялық, әдіснамалық негіздерінің зерттелуі арасындағы; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды жоғары оқу орнының оқу үдерісіне ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы арасында қарама-қайшылықтарды жою диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігіне негізделген .
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды . Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсат пен міндеттері диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеп және әдістемесін дайындап, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент арқылы тексеруді орындаумен сәйкес келеді . Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатты нақтылай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан

			<p>негіздеумен; «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» түсінігінің мәнін нақтылаумен; құрылымын анықтаумен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін түзумен; әдістемелік жүйесін әзірлеп, оның тиімділігін эксперимент арқылы тексерумен, ғылыми тұжырымдалған ұсыныстар берумен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор ұсынатын нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми талдауларға сәйкес теориялық-әдіснамалық (философиялық, психологиялық, педагогикалық) тұрғыдан басшылыққа алынатын тұғырлар мен қағидалар түзіліп, нақты мәліметтер арқылы ұғымдық-категориялық аппараттың құрылуы, яғни «метақұзыреттілік» ұғымы, құрылымы психологиялық-педагогикалық категория ретінде сипатталып және «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» түсінігінің мәні нақтыланып, мазмұнының анықталуы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әлеуеті талданып, құрылымдық-мазмұндық модельдеу арқылы толық байланысқан, әдістемелік жүйе дайындалып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың мазмұны мен нәтижелерінің тиімділігі толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p>	<p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда, ұғымдық-категориялық аппараттың түзуде және оның құрылымдық-</p>

		<p>1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>мазмұндық болмысын модельдеуде, әдістемелік жүйе дайындауда, тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық өңдеуде сыни талдау бар.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Бүгінгі күнге дейін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту мәселесі аясында шетелдік ғалымдар арасында да зерттеулер аз қарастырылған. Диссертант осы зерттеулерді терең және толық талдай білген. Зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>1-нәтиже – толығымен жаңа.</i> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдіснамалық негіздерін айқындауда жүйелілік тұғыр, тұлғалық тұғыр, көпсубъектілі тұғыр, синергетикалық тұғыр, интегративтік тұғыр, құзыреттілік тұғырлары басшылыққа алынған.</p> <p><i>2-нәтиже – толығымен жаңа.</i> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың («метақұзыреттілік» ұғымы, «болашақ бастауыш сынып мұғалімінің метақұзыреттілігін дамыту») ұғымдық-каттеориялық аппараты түзілді, әр ұғым мен түсініктердің мәні нақтыланып, құрылымы анықталған. «Метақұзыреттілік» - философиялық, психологиялық-педагогикалық ұғым ретіндегі нақтыланған мәні мен оның құрылымы оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негізін жасаудың базасы, ал «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» – өзінің кәсіби іскерлігіне әлеуметтік жауапты болашақ мұғалімнің рухани-адамгершілік тұлғасының кемелденуіне мүмкіндік жасайтын, пәндік,</p>

		<p>ақпараттық, коммуникативтік, функционалдық сауаттылық тәжірибесі жинақталатын, өзінің танымдық әрекетін талдау, басқара білу, жаңа жағдайларға бейімделу қабілеттері дамитын біртұтас үдеріс болатындығы негізделген.</p> <p><i>3-нәтиже – толығымен жаңа.</i> Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған.</p> <p><i>4-нәтиже – толығымен жаңа.</i> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемелік жүйесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, ғылыми-әдістемелік негізделген ұсыныстар дайындалған.</p>	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)</p>	<p>Қ.Б.Жанадилованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады, өйткені,</p> <p><i>-бірінші қорытынды</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы бойынша ұғымдық-категориялық аппараттың педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттеу оған берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруі және ғылыми-теориялық мәселелерге тұжырым жасау толығымен жаңа болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін</p>

		<p>дамытудың <i>жүйелілік, тұлғалық, көпсубъектілі, синергетикалық, интегративтік, құзыреттілік</i> әдіснамалық тұғырлары басшылыққа алынуы толығымен жаңа;</p> <p><i>-екінші қорытынды</i> бойынша докторант білімнің бірізділік және жүйелілік логикасын сақтай отырып, зерттеу жұмысында негізгі категориялар болатын «<i>метақұзыреттілік</i> – интегративтік және кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытудағы дағдылар кешені»; «<i>болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігі</i> – пәндік, ақпараттық, коммуникативтік, функционалдық сауаттылық және зияткерлігін дамытуда өзінің танымдық әрекетін талдап, басқара білу, жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті және өзінің дамуы мен рефлексиялық үдерістерін басқара білуден тұратын құрылым»; «<i>болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту</i>» – өзінің кәсіби іскерлігіне әлеуметтік жауапты болашақ мұғалімнің рухани-адамгершілік тұлғасының кемелденуіне мүмкіндік жасайтын, пәндік, ақпараттық, коммуникативтік, функционалдық сауаттылық тәжірибесі жинақталатын, өзінің танымдық әрекетін талдау, басқара білу, жаңа жағдайларға бейімделу қабілеттері дамитын біртұтас үдеріс» - деп нақтылануы толығымен жаңа болады.</p> <p><i>-үшінші қорытынды</i> ретінде Мотивациялық-мазмұндық, танымдық-білімдік, іс-әрекеттік-процессуалдық, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерден тұратын бұл құрылымда метақұзыреттілік тәсілінің зерттеу мәселесін шешудегі мүмкіндігін толық пайдалану және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың моделіне <i>мақсаттық</i> (өзін-өзі интеллектуалды дамыту, өзін-өзі білімдендіру қажеттілігін, студенттің тұлғалық шығармашылығындағы қабілетін ашу, рефлексияны дамыту, ішкі ынтаның пайда болуындағы әртүрлі</p>
--	--	---

		<p>деңгейлердегі студенттердің жетістікке жету жолын анықтау), <i>мазмұндық</i> (осы дамытудағы білім мазмұнын) және <i>процессуалдық</i> (ұсынылатын құралдардың, формалардың, әдістердің үздіксіз байланысын) өлшемдеріне сай көрсеткіштері, өлшемдері, жоғары, орта және төмен деңгейлерді құрайтын бұл құрылымның түзіліп, эксперимент түрінде дәлелденуі толығымен жаңа болады</p> <p><i>-төртінші қорытынды</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін әдістемелік жүйе: оқу үдерісінде студенттердің субъектілік орнын қамтамасыз ету; студенттерді дербес танымдық қызметтерге белсенді қатыстыру; оң метақұзыреттілік даму ортасы мен психологиялық климатын құру; метақұзыреттілікті дамытудың әдістерін, формаларын, технологияларын белсенді қолдануда толығымен жаңа болады.</p> <p><i>-бесінші қорытынды</i> зерттеу міндетіне сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың: «Бастауыш білім беруде метақұзыреттілікті дамыту негіздері» атты элективті курс бағдарламасы, «Дағдылар кешені» оқу-әдістемелік құралы дайындалып, тәжірибеге ендірілген. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды жүзеге асыруды, болашақ мамандарды метақұзыреттіліктің теориялық негіздерімен қаруландыруды, метақұзыреттілікті дамыту арқылы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың жаңа тұжырымдамалық қағидаларын педагогикалық-психологиялық тұрғыдан анықтауға жағдай жасайды, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда метақұзыреттілікті дамыту арқылы білім сапасын арттырудың жолдарын ұйымдастыруда толығымен жаңа болады.</p>
--	--	--

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу қорытындылары теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды ЖОО-да болашақ маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті педагог мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болатындығы дәлелдемелерде негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>1. Бірінші қағида бойынша Метақұзыреттілік – интегративтік және кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытудағы дағдылар кешені. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту жағдайында басты атрибуттар – тұлғаның жаңа білімді қабылдауда, ескі біліммен байланыстыруда өзін-өзі тануы, өзін-өзі анықтауы, өзін-өзі жетілдіруі, өзін-өзі іске қосуы, өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі өзектендіруі, өз білімін өзі бақылай алуы. Себебі, тұлғаның метақұзыреттілігін дамытуда «Өзіндік» философия қызмет атқарады. Бұл үдеріс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлі ашылмаған мүмкіндіктерін өзі дамыта алатындай кезеңдерден түзіледі. Қағида дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Бастауыш сынып педагогтерінің метақұзыреттілігін қалыптастырудағы оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану ерекшеліктері». (Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 3(83), Аламаты, 2020. 158- 167б.) атты мақаласында дәлелденген және көрініс тапқан.</p>

			<p>2. «Метақұзыреттіліктің» философиялық, психологиялық-педагогикалық ұғым ретіндегі нақтыланған мәні мен оның құрылымы оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негізін жасаудың базасы болып табылады. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» – өзінің кәсіби іскерлігіне әлеуметтік жауапты болашақ мұғалімнің рухани-адамгершілік тұлғасының кемелденуіне мүмкіндік жасайтын, пәндік, ақпараттық, коммуникативтік, функционалдық сауаттылық тәжірибесі жинақталатын, өзінің танымдық әрекетін талдау, басқара білу, жаңа жағдайларға бейімделу қабілеттері дамытын біртұтас үдеріс. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы <i>кең</i> және «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдіснамалық маңызы». (Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», №4 (72), Алматы 2021. 11-25б.) мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі – күтілетін нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері; дамыту үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері анықталған, зерттеу мәселесін тиімді шешуге бағытталған әдістерін, құралдарын сипаттайтын, дамыту деңгейлері айқындалған құрылым болып табылады. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін қалыптастыруда қолданылу деңгейі кең, «Developing metacompetence in future primary schoolteachers» (Journal of Educational Sciences, 17 (1), 294–305. https://doi.org/10.18844/cjes.v17i1.6709.) мақаласында дәлелденген.</p> <p>4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін</p>
--	--	--	--

			<p>дамытудың әдістемесі «Бастауыш білім беруде метақұзыреттілікті дамыту негіздері» атты элективті курс бағдарламасын, «Дағдылар кешені» оқу-әдістемелік құралын қамтиды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту аталған әдістемелік жүйе мазмұнын (формалары, әдістері, құралдары) кешенді пайдаланғанда ғана нәтижелі болады. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылу аясы кең, «Дағдылар кешені» (Алматы, 2022. – 63 б.) оқу-әдістемелік құралында, «The question of integration of competence and meta-competence of primary school teacher» (ONLINE) AD ALTA Is a peer-reviewed journal of international scope. 2 issues per volume and special issues. The authors (june, 2019) мақаласында дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Ия, зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (тұғырлар: жүйелілік, тұлғалық, көпсубъектілі, синергетикалық, интегративтік, құзыреттілік ұстанымдар: мәдениетке сәйкестік, жүйелі іс-әрекет, белсенділік және дербестік, өзара әрекеттестік, өзін-өзі дамыту, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың кәсіби білім беруге сәйкестік қағидасы) жиынтығы ретінде нақты жазылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені қолданылған. Теориялық әдістер (психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, қорытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу); эмпирикалық әдістер (сауалнама жүргізу, диагностикалау, бақылау); эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің</p>

			математикалық әдістерін қолдану ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып жазылғандығын көрсетеді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері, бастауыш білім беру пәндері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша 6 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, Қазақстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында, оқу-әдістемелік құралында жарық көрген. Қ.Б.Жанадилованың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясы бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология институтының бастауыш білім беру бағдарламалары бөлімінде жүргізілген. Сынаққа қатысқан студенттер саны – 132, оның ішінде эксперименттік топта 64, бақылау тобында 68 студент қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың 188 әдебиет көздеріне сілтемелермен расталған. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын көрінеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 188.
9	Практикалық	9.1 Диссертацияның	Зерттеу жұмысының теориялық

құндылық принципі	<p>теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>маңыздылығы бар. Атап айтсақ:</p> <p>1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындауда философиялық, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттеу оған берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруге және ғылыми-теориялық мәселелерге тұжырым жасауға, сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың жүйелілік, тұлғалық, көпсубъектілі, синергетикалық, интегративтік, құзыреттілік әдіснамалық тұғырларының түзілуімен маңызы бар.</p> <p>2. «Метақұзыреттілік» ұғымы және, «бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігі», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» түсініктерінің мәні нақтыланған, құрылымы анықталуымен маңызы бар.</p> <p>3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалуымен маңызы бар.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды қамтамасыз етумен сипатталады.</p> <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемелік жүйесі жасалды және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-метақұзыреттілігін дамытуға бағытталған «Дағдылар кешені» оқу-әдістемелік кешені әзірленіп, тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар берілген. Зерттеу жұмысы бойынша теориялық және әдістемелік тұжырымдар магистратурадағы және бакалавриаттағы кез келген оқу пәндерін оқытуда қолданылуы мүмкіндігі жоғары.</p>

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады);</p> <p>3) жаңаемес (25% кем жаңаболыптабылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>1) ЖОО тәжірибесіне «Бастауыш білім беруде метақұзыреттілікті дамыту негіздері» атты элективті курс мазмұны енгізілсе деп қойылған ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>2) «Дағдылар кешені» оқу-әдістемелік құралы педагогтарға, болашақ педагог мамандарға ұсынылып, практикалық тұрғыдан жүзеге асырылса деген ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>3) тұлғаның метақұзыреттілігін дамытуға арналған жобалар, авторлық мектептердің жұмыстары жүргізілсе деген ұсынысы толығымен жаңа.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>

Шешім: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Жанадилова Карашаш Базаровнаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

**Ресми рецензент,
педагогика ғылымдарының докторы,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры**



П.Б.Сейітқазы

13.06.2022